

М.К.Курсабаев,^{1*} Б.С.Сайдахметов¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕПТЕ БАЛАЛАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРІ АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мектептегі балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық ұйымдары тәжірибесінде экологиялық тәрбие жұмыстарын жүзеге асырудың этнопедагогикалық ерекшеліктеріне ғылыми тұрғыдан баға беру аталған зерттеудің негізгі бағыты болып табылады. Қазақ халық педагогикасындағы қоршаған ортаның қыр-сырына терең мән берген тыйым сөздер мен табиғатты қорғау мен сақтау дәстүрлерімен ұштасқан ұлттық құндылықтар арқылы бүгінгі Alpha және Beta ұрпақтарына экологиялық тәрбие берудің заманауи жүйесін жоспарлау қажеттігі жіті назар аударатын тұстардың бірі екенін аңғартады.

Оқушыларға экологиялық тәрбие беруде, мектеп жанынан өз еріктерімен құрылған балалардың қоғамдық топтары мен бірлестіктері арқылы түрлі этнопедагогикалық маңызы зор іс-шараларды жүйелі түрде жоспарлау – жас жеткіншектердің алған білімдерін нақты өмір тұрмысында қоғам игілігіне айналуына түрткі болатыны, осы ұсынылып отырған материалда қарастырылады. Атап айтқанда, экологиялық тәрбиенің қайнар көзі саналатын жасыл технология өнімдерін өңдеудегі қоғамға пайдалы еңбек, оқу-тәрбие алаңдарында гүлзарлар, вермитехнология, биогумус, және жылыжай шаруашылықтарын дамыту, мектеп ғимараттарында гидропоника, оранжерея, Micro Green және басқа қоршаған ортаға кеселін тигізбейтін жұмыстарды ұйымдастыруда балалардың экологиялық топтары мен бірлестіктерін құрудың қажеттіліктері тәжірибелік, эксперименттік және аналитикалық нәтижелер негізінде жан-жақты сипаттама беріледі.

Қол жеткізілген тәжірибелер негізінде экология тақырыбы бойынша әлемдік деңгейдегі маңызды құжаттар мен жасыл технология жетістіктері мысалында, заманауи мектеп практикасында табиғатқа теріс ықпалын тигізбейтін өнімдердің пайдасы туралы жас ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің этнопедагогикалық ерекшеліктері осы саладағы ғылыми зерттеу еңбектер мен тәжірибелер тұрғысынан зерделенуі жайлы мағлұматтар жария болды.

Түйін сөздер: экологиялық тәрбие, балалар қоғамдық бірлестіктері, жасыл технология, қоғамға пайдалы еңбек, этнопедагогика, оқу-тәжірибелік алаңдар, Alpha және Beta ұрпақтары.

Курсабаев М.К.,^{1*} Сайдахметов Б.С.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ В ШКОЛЕ НА ПРИМЕРЕ ДЕТСКИХ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОБЪЕДИНЕНИИ

Аннотация

Основным направлением данного исследования является научная оценка этнопедагогических особенностей реализации экологического воспитания в практике детских и подростковых общественных организаций в школе. Это подчёркивает необходимость разработки современной системы экологического воспитания для поколений Alpha и Beta на основе национальных ценностей, связанных с традициями охраны и сохранения природы, а также с запретами и предостережениями в народной педагогике казахского народа, придававшего большое значение окружающей среде.

В материале рассматривается, как систематическое планирование этнопедагогически значимых мероприятий через общественные группы и объединения школьников, созданные по их собственной инициативе при школе, способствует применению полученных знаний на практике на благо общества. В частности, подробно описываются потребности в создании экологических групп и объединений школьников при реализации общественно полезного труда по переработке продукции «зеленых технологий», а также в развитии клумб, вермитехнологий, биогумуса и тепличного хозяйства на учебно-воспитательных участках. Отдельное внимание уделяется организации в школьных зданиях таких форм экологически безопасной деятельности, как гидропоника, оранжерея, Micro Green и другие.

На основе накопленного опыта, а также примеров важнейших международных документов и достижений в сфере «зеленых технологий», в статье раскрываются этнопедагогические особенности экологического воспитания подрастающего поколения. Представлены научные и практические данные по данной теме, основанные на экспериментальных, аналитических и практических результатах.

Ключевые слова: экологическое воспитание, детские общественные объединения, зелёные технологии, общественно полезный труд, этнопедагогика, учебно-практические площадки, Поколения Alpha и Beta.

Kursabayev M.,^{1} Saydakhmetov B.¹*

¹*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

THE ETHNOPEDAGOGICAL FEATURES OF IMPLEMENTING ENVIRONMENTAL EDUCATION THROUGH CHILDREN'S PUBLIC ORGANIZATIONS IN SCHOOLS

Abstract

The main focus of this study is to provide a scientific evaluation of the ethnopedagogical features in implementing environmental education practices through the activities of children's and adolescents' public organizations in schools. This highlights the need to design a modern system of environmental education for the Alpha and Beta generations based on national values. These values are deeply rooted in Kazakh folk pedagogy, which emphasizes the protection and preservation of nature through traditional taboos and customs reflecting a deep understanding of the environment.

The material explores how the systematic planning of various ethnopedagogically significant activities, through self-initiated student groups and associations at schools, promotes the application of acquired knowledge for the benefit of society. Specifically, it provides a comprehensive description—based on practical, experimental, and analytical results—of the necessity to create student ecological groups and associations involved in socially beneficial work. This includes processing products of green technologies and developing flower beds, vermitechnologies, biohumus production, and greenhouse farming on educational and training plots. It also covers eco-friendly activities within school buildings such as hydroponics, conservatories, Micro Green cultivation, and others.

Based on the gained experience, the study also examines the ethnopedagogical characteristics of educating the younger generation on the benefits of environmentally safe products. This is analyzed through global-level environmental documents and the achievements of green technologies, offering insights grounded in scientific research and practical experience.

Keywords: environmental education, children's public associations, green technology, socially beneficial labor, ethnopedagogy, educational and training plots, Generation Alpha and Beta.

Кіріспе. Заманауи мектеп практикасында оқушыларға балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық бірлестіктері арқылы экологиялық тәрбие беруде соңғы жылдары мол педагогикалық тәжірибелер жинақталған. Қоршаған ортаны қорғау мен сақтау жөніндегі UNESCO тарапынан экологиялық білім және тұрақты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған ауқымды шаралардың мемлекет тарапынан қолға алынуы – білім беру жүйесіне де өз ықпалын тигізіп отыр. Осы орайда, балалар мен жастардың қоғамдық білестіктері мен ұйымдары арқылы халықаралық масштабта жүзеге асырылып жатқан Youth Declaration on Transforming Education (2022) бағдарламасының маңызы зор [1]. Аталған UN бағдарламаларының қатарына UN Sustainable Development 17 Goals (Тұрақты дамудың 17 мақсаты) және жаһандық климаттық жылырудың алдын алуға арналған маңызды құжаттарды жатқызуға болады [2].

Аталған бағдарламалардың басты мақсаты жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беру барысында, балалар мен жастардың бүгінгі таңда жер бетіндегі ауа температурасының ауытқуы, декарбонизация шараларына қатысуы, жасыл технология өнімдері туралы жалпы стратегия, волонтерлік ұйымдар жұмысын жандандыру ондай-ақ, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің экологиялық жобалар мен акцияларға белсенді қатысуына түрткі болатын маңызды азаматтық бастамаларға қолдау көрсету болмақ.

Экологиялық тәрбие мәселелерінің мемлекеттік және авторлық бағдарламалар тұрғысынан мектеп және басқа білім беру ордаларында жүзеге асыру бірқатар материалдарда көрініс тапқан. Қазақстан Республикасы мақұлдаған халықаралық құжаттар біріне UN Sustainable Development 17 Goals ресурстарын айтуға болады [2]. Осы орайда, Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстандағы бөлімінің (UN Kazakhstan) арнайы ресми ақпараттық ресурстарындағы «Таза су және санитария» (6-Мақсат), «Құрлық экожүйелерін сақтау» (15-Мақсат), «Климат өзгерумен күрес»

(13-Мақсат), Қазақстан жағдайындағы «Таза Қазақстан», «Жасыл Ел», «Киелі табиғат» және басқа бағыттардың орын алуы – айтар ойымыздың дәлелі деуге тұрады [2].

Мектептегі балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық бірлестіктері арқылы экологиялық тәлім-тәрбие жұмыстарын жүргізуде «Жас Ұлан», «Жас Сарбаз», «Жасыл Ел» ұйымдарының атқарып жатқан жұмыстары жетерлік. «Жас Ұлан» Бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы (Төрайымы Тұрдалиева Ақнұр) ұйымдастырған «Киелі табиғат» республикалық жастар экологиялық жобасы табиғатты қорғау мен сақтауда тәрбиелік, волонтерлік, интеллектуалдық, шығармашылық және өлкетану жұмыстарын қоғаммен бірлесе отырып ұйымдастыруды алға тартып отыр [4]. Қоғамдық бірлестікке ер еркімен мүше болған мектеп оқушыларының көпшілігі Alpha Generation ұрпақтарының өкілдері екеніне мән беруіміз маңызды.

Балалардың қоғамдық бірлестіктері немесе ұйымдары арқылы білім мекемелерінде экологиялық тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда қазақ халық педагогикасы материалдары негізінде оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау тиімді екені белгілі. Қазақстан территориясының басым көпшілігі ауыл шаруашылығының дамуы мен қалыптасуына ежелгі замандардан бері жалғасып келе жатқан ата кәсіп дәстүрлері екені баршаға аян. Сол себепті, атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық құндылықтарды отбасы тәрбиесінде, қоғамдық қатынастарда және жастар тәрбиесінде үлгі-өнеге ретінде дәріптеу мен насихаттау аса абыройлы іс екені рас. Әсіресе, халық ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдер мен ырым-тыйым сөздердегі табиғатты қорғау мен экология тақырыбына арналған құнды мұралар бүгінгі таңға дейін тамаша педагогикалық және дидактикалық құрал ретінде сақталып келеді.

Заман ағымына сай, ғылым мен техниканың қарқынды дамуы – білім жүйесінің цифрлық трансформация кеңістігіне интеграциялануына ұйытқы болды. Сол себепті, мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарында электронды-цифрлық ресурстардың молынан ендірілуі тәрбие жұмысының жан-жақты модернизациялануына оң әсер етті деуге болады. Экологиялық тақырып аясында атқарылатын жұмыстарды жоспарлауда мектеп оқушылары инновациялық технологияларды мейлінше кешенді пайдалану мүмкіндіктеріне ие болуда.

Осыған орай, экологиялық тәрбиемен тығыз байланысты жасыл технология өнімдерін өңдеудегі қоғамға пайдалы еңбек, оқу-тәрбие алаңдарында гүлзарлар, вермитехнология, биогурус, және жылыжай шаруашылықтарын дамыту, мектеп ғимараттарында гидропоника, оранжерея, Micro Green және басқа қоршаған ортаға зиянын тигізбейтін жұмыстарды ұйымдастыруда мектеп оқушыларының қоғамдық бірлестіктері арқылы тәлім-тәрбие жұмыстарын жүргізудің қажеттілігі мен маңыздылығы туралы дәйекті тұжырымдар жасаудың мүмкіндігі туып отыр деп қорытындылауымызға болады. Зерттеу барысында балалардың экологиялық топтары мен бірлестіктерінің педагогикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, олармен экология тәрбие жұмысын жүргізудің қажеттіліктері тәжірибелік, эксперименттік және аналитикалық нәтижелер негізінде сипаттама берілуіне мән берілуі аталмыш «Мектепте балалардың қоғамдық бірлестіктері арқылы экологиялық тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың этнопедагогикалық ерекшеліктері» атты ғылыми мақала тақырыбының өзектілігін айқындады.

Тақырыпты зерттеу барысында біздер жалпы экология және мектептегі экологиялық тәрбие жұмысы, білім мекемелері жанындағы балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық бірлестіктері арқылы экологиялық тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру және қазақ этнопедагогикасындағы табиғатты қорғау мен сақтау дәстүрлері барысындағы соңғы жылдардағы ғылыми-зерттеу, тәжірибе, заңнамалық құжаттар және технологиялық жетістіктер туралы тұжырымға келдік.

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінде (2021) айтылғандай, ондағы залал келтіруді болғызбау, қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін объектілер, табиғи ортаның тепе-теңдігін (балансын) бұзу, климаттың өзгеру салдарларын бәсеңдету, биоәртүрлілік, генофонд, орнықты даму қағидаты, экожүйе, «жасыл» экономика, «жасыл» инвестиция және қаржыландыру, биологиялық және органикалық қалдықтар, атом энергиясы және радиациялық қауіпсіздік, экологиялық білім және ақпарат және басқа терминдер мен атауларды зерттеу жұмысымызға тиек еттік [5].

Көпшілік назарына ұсынылып отырған тақырыбымыздың дені соңғы жылдары арнайы һәм жоспарлы түрде жүргізген Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті тарапынан қаржыландырылған ғылыми-эксперименттік жұмыстарымыздың жалғасы болып табылады [3]. Онда Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы мектептерінде жүргізілген қоғамға пайдалы еңбек ету арқылы оқушылардың экологиялық санасын дамыту мәселелері бойынша жинақтаған теориялық, практикалық, оқу-тәжірибелік материалдар бірқатар ғылыми еңбектер мен озық тәжірибелердің бар екенін айғақтады [3,354].

Экологиялық тәрбие мәселелеріне байланысты Н.Сарыбековтың «Педагогические основы подготовки учащихся к охране природы в системе общего и среднего образования» (1994), М.Н.Сарыбековтың «Теория и практика экологической подготовки будущих учителей» (1998), А.Ш.Икрамованың «Қазақстанда оқушыларға экологиялық тәрбие берудің дамуы (1960-2000)», Ш.И.Джанзакованың «Этнопедагогизация экологического воспитания младших школьников в казахской школе» (1998), сондай-ақ, Қ.И.Исламова, Ж.Н.Базарбекова, А.Қ.Егенисова, Ш.Ж.Арзымбетова еңбектерінде мектеп оқушыларына экологиялық тәрбие мен білім беру мәселелері жан-жақты қарастырылғандарына назар аудардық [6], [7].

М.Н.Сарыбеков өз еңбегінде мектеп оқушыларының санасында ерте жастан қоршаған ортаны тануға, білуге, қорғауға деген көзқарастарының қалыптасуы маңызды педагогикалық құндылық екенін айтып өтеді [6].

Ш.И.Джанзакованың пайымдауынша, жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беру барысында халықтық педагогика материалдарын пайдалану, мектеп оқушыларының бойында адамгершілік пен жауапкершілік қасиеттерінің толығы түсуінің кепілі болмақ [7].

Тәуелсіз Қазақстанда құрылған «Атамекен» (1991), «Жұлдыз» (1993), «Қазақстан балалар мен пионерлер ұйымдарының Одағы» (1992), «Ұлы Дала скауттары» (1992), «Жас Ұлан» Бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы (2011) және басқа қоғамдық бірлестіктердегі негізгі жұмыстардың біріне жас ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беру болды [8].

Қазақстан скауттары ұйымдастырған «Ұлы Дала мұрасы» Слегінің (Jamboree) (Бурабай, 2019) басты міндеттеріне, Қазақстан оқу орындарында экологиялық шараларға белсене араласатын волонтерлік топтар дайындау екені белгілі [8].

Экологиялық тәрбиені табиғатты қорғау мен орнықты дамуды сақтаудағы жас ұрпақтың санасында білім, білік, дағды қасиеттерінің қалыптасуы үрдісі деп заманауи форматта баға берген анықтамалар біз үшін құнды ақпарат болмақ [9].

Андреева А.Г пікірінше, балаларға экологиялық тәрбие берудің негізгі арқауы тәрбиеленушілердің шығармашылық әрекеттері мен сана-сезімдерінің бірлігі ретінде қабылданғанда, кез келген мақсат оң нәтижеге қол жеткізілетіні анықталады [10]. Осы мәселе Ландык В. М және басқа ғалымдар еңбектерінде көрініс табады. Олардың айтуынша, мектеп практикасында оқушыларға экологиялық тәрбие беру – үздіксіз оқу мен оқыту әрекеттерімен тығыз байланысты және бір-бірінен ажырамайтын педагогикалық орта деп қарастыруы орынды [11].

Сонымен қатар, Радецкая И.В материалдары мектептегі балалардың қоғамдық ұйымдары арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктері баяндалады. Онда мектеп жанынан құрылған оқушылардың экологиялық қоғамдық бірлестіктері жергілікті жерлердегі жасыл-желек пен орманды алқаптардың экожүйесін қорғау мен сақтаудағы іс-шаралардың жүйелі түрде қолға алынуы – мектеп, ата-ана, педагогикалық ұжым, ғалымдар мен балалардың қоғамдық бірлестіктері ынтымақтастығы үлгісін көрсетіп тұр [12].

Зерттеуші Есполова Г.К және басқалар еңбектерінде мектептегі оқушылар ұжымындағы әлеуметтік топтармен тәрбие жұмыстарын жоспарлау барысында балалар мен жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне негізделген әлеуметтік жауапкершілік тұстары ғалымдар мен педагогтар тарапынан сырт қалмағаны баса айтылады [13].

Шет елдік ғалымдар Waters S, Cross D және басқа зерттеушілердің Scopus базаларында жарияланған материалдарында мектептегі балалар мен жасөспірімдер топтарының білімді игеру барысындағы мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастары заман талабына сай

жаңарып отыратыны сөз болады. Көздеген мақсатқа қол жеткізуде жайлы коммуникациялық ортаның жалпы білім мен тәрбие жұмыстарының сапалы деңгейіне көтерілуінің басты себебі – жергілікті жердің экожүйесімен үйлесім табуға арналған педагогикалық іс-шараға байланысты екені дәлелді түрде сипатталады [14].

Аталған тұжырымдар негізінде зерттеу жұмысының мақсаты мен маңыздылығы айқындалды. Балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық бірлестіктері қатысуымен мектептегі экологиялық тәрбие жұмыстарының этнопедагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып жоспарлы түрде ұйымдастыру – зерттеудің мақсаты мен ғылыми-педагогикалық маңыздылығын анықтауға негіз болды.

Негізгі ережелер. Зерттеу барысындағы ең басты назар аударылатын мәселе – мектеп оқушыларының қоғамдық бірлестіктері арқылы экологиялық тәрбие жұмыстарын кешенді жоспарлау мен іске асыру мүмкіндіктерінің бүгінгі таңға дейін толыққанды деңгейде назар аударылмай келе жатқаны белгілі болып отыр. Экологиялық тәрбие жөнінде әлемдегі әр халықтың ежелден келе жатқан мыңғасырлық тәжірибесін мектептегі балалардың қоғамдық топтары (бірлестіктері) арқылы жүзеге асырудың мүмкіндігі зор. Атап айтқанда, табиғатты қорғау мен сақтау жөніндегі халық педагогикасындағы мақал-мәтелдер мен тыйым сөздердің тәрбиелік маңызын айтып өтуге болады.

Экологиялық тәрбие құндылықтарын қоғам игілігіне айналдыруда балалар мен жасөспірімдер ұйымы, мектеп, педагогикалық ұжым, ата-аналар комитеті, ғылыми және агробизнес қауымдастықтар және басқа әлеуметтік институттар қатысуымен кешенді іске асыру – жас ұрпақтың қоршаған орта мен адамдар қарым-қатынастарының орнықты дамуы туралы қосымша пайдалы ақпараттармен қарулануына себепкер болмақ.

Аталған көкейкесті мәселелердің себеп-салдарын анықтау мен өзара келісім ретінде оң тұрғыда шешілуіне үлес қосу барысында Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, О.Жандосов атындағы орта мектеп базасында 2024-2025 жылғы оқу жылдары маусымында өткізілген ғылыми-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері жоғарыда ұсынылған тұжырымдарымыздың растығын дәлелдеді.

Заманауи мектеп практикасында педагогикалық ынтымақтастық жағдайында балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық бірлестіктері арқылы экологиялық тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда оқушылардың өз еріктерімен құрған бастамашыл топтары (экологиялық клубтар, жас өлкетанушылар станциясы) арқылы қоғамға пайдалы еңбек ету, табиғатқа зиянын тигізбейтін экологиялық таза өнімдер мен тыңайтқыштар дайындау маңыздылығын жас ұрпақтың ерте жастан бастап үйренуге, оқып-тануға деген қызығушылықтарын арттыруға арналғаны осы материалдың басты бөліміне жатады. Осы орайда, біздің зерттеу тақырыбымызға негіз болатын М.Н.Сарыбеков еңбегіндегі автордың табиғатты қорғауға деген ойлары мен алған білімдерін, мектептегі тәрбиелік іс-шараларда нақты көрініс табуына арналуы бүгінгі таңда да өзінің педагогикалық құндылығын сақтап отыр деуімізге әбден болады[6].

Материалдар мен әдістер. Тақырыпқа байланысты соңғы жылдары мемлекет, қоғам және академиялық қауымдастық тарапынан назар аударылған және нақты нәтижелерге қол жеткізілген тәжірибелерге кешенді шолу жасалғанын жеткіземіз. Экологиялық тәрбие мәселелеріне салыстырмалы түрде жасалған талдауымыз мектеп практикасында оқушылардың қоғамдық бірлестіктерімен кешенді жұмыс жүргізудегі қажеті әдістемелік бағытты пайдалану мүмкіндіктерін эксперименттік жұмыстар жүргізу арқылы дәлелдемелер керектігі белгіленді.

Мектеп оқушыларының алған білімдерін қоршаған ортаның балансын сақтау мен азаматтық қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз ету ісіне үлес қосуда жас ұрпақтың өз еріктерімен құрылған әлеуметтік топтардың қоғамға пайдалы әрекеттеріне баға беру маңызды педагогикалық құралдың пайда болуына себеп болатыны аналитикалық талдаулар арқылы анықталды.

Нәтижелер мен талқылау. Материалдарды жинастыруда, алдымен Қазақстандағы мектеп жанындағы балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық бірлестіктері және олардың экологиялық тәрбие жұмыстары бойынша атқарған шараларына талдау жасады. Нәтижесінде «Amanat»

партиясы жанындағы «Jastar ruhy», «Қазақстанның жастар конгресі» Заңды тұлғалар бірлестігі (ЗТБ), «Ассамблея жастары» Республикалық қоғамдық бірлестік (РҚБ), «Жас Ұлан» Бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы РҚБ, «Жасыл ел» Республикалық жастар еңбек отрядтары штабы (РЖЕОШ), «Қазақстан студенттер альянсы» РСҚ, «Болашақ» Халықаралық стипендиясы стипендиаттардың ассоциациясы» ҚБ, «Қазақстан КТК Одағы» РҚБ, «Ұлы Дала скауттары» РҚБ және басқа қоғамдық бірлестіктер бар екені анықталды. Олардың жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беруде ағаш отырғызу, экологиялық сипаттағы волонтерлер қозғалысын жандандыру, отбасы құндылықтарын насихаттау, Дүниежүзілік табиғатты қорғау күніне арналған шаралар өткізу және басқа бастамаларды қолға алу құптарлық [4], [8].

Республикалық «Жас Ұлан» ББЖҰ РҚБ тарапынан мектеп оқушыларының санасына экологиялық мәдениет құндылықтарын сіңіру мен олардың әлеуметтік ортаға пайдалы еңбек етуге талпыныстарын арттыруда «Киелі табиғат» экологиялық акцияларына мыңдаған жас өскіндердің тартылуының педагогикалық маңызын атап өтуге болады [4].

Мектеп жағдайында табиғатты қорғау мен сақтауға деген оқушылар қоғамдық бірлестіктері мүшелерінің экологиялық тәрбие жұмыстарын жоспарлауда халықтың этнопедагогикалық мұраларымен ұштастыра білудегі Джанзакова Ж.И еңбектері біздің ой тұжырымдауымызға көмегін тигізді [7]. Жас өркендер, әсіресе кіші жастағы мектеп оқушыларының сабақтан алған білімдерін пысықтауда, қазақ халқының табиғат құбылыстары туралы аңыз-әңгімелер желісінде тәрбиелік маңызы зор сахналық қойылымдарды ұйымдастыруы, сөзсіз балалардың қоршаған ортаның қыр-сырын ұғынуға деген қызығушылықтарын оятатынына біздер Есік қаласындағы О.Жандосов мектебінде жүргізген эксперименттер арқылы көз жеткіздік [7].

Эксперимент барысында (оқу жылының басында) біздер аталған мектептегі 7-8 сынып оқушыларымен кездесіп, алға қойған мақсатты ұжымды түрде жүзеге асыруда өз еріктерімен құрылған балалардың қоғамдық ұйымдарының маңызы зор екені туралы сұрақ-жауап әдісі бойынша сұхбат жүргіздік. Эксперимент жұмысына 87 оқушы қатысты Оқушылармен қарым-қатынас орнатуда біздер алдымен барлық ойымызды ауызша түрде жеткіздік. Айтар мағлұматтарды жоспарлауда жалпы тақырыптар (тұрғылықты жердің ерекшелігі, мектептегі қызықты шаралар мен тағылымы зор пән сабақтарының өткізілуі, достық пен достасу белгілері, жеке ұсыныстар айту) бойынша Өз ретінде, ұстаздар мен ересектер тарапынан арнайы дайындық болмағанын және балаларға қойылатын сұрақтар мен олардан алынатын жауаптар тәртібі қарапайым формада өткенін растаймыз.

Ақпарат жинақтау барысында оқушыларға мынадай мынадай сұрақтар қойылды:

1. Мектептегі балалар мен жасөспірімдер ұйымдары арқылы экологиялық шаралар ұйымдастыруға бола ма?

2. Табиғатқа нұқсан келтірмейтін экологиялық өнімнің пайдасы туралы білесің бе?

Эмпирикалық түрде өткізілген эксперименттік жұмыстарымыздың нәтижесі мынадай көрсеткіштерді анықтады [Диаграмма-1].



Диаграмма-1. Бірінші кезең бойынша алынған сауалнама нәтижелері

Кестедегі жоғары деңгей көрсеткіштерінің 19,0% және 18,7 % пайызға тең болуы оқушылардың жаратылыстану пәні бойынша алған білімдерінің аз да болса жеткілікті екенін көрсетті. Демек, бүгінгі таңдағы қоғамда орын алған климаттық жылыну жағдаяттары мен түрлі экологиялық жағымсыз құбылыстардың шамалы болса да, балалар санасына әсер еткенін байқау қиын емес деп жорамалдауға болады.

Бұл жерде, зерттеу тақырыбына қатысты кейбір деректер, атап айтқанда сұрақтарды дайындау және ол туралы оқушыларға алдын-ала ескерту, жобаны іске асыруға қажетті қоғамдық топ мүшелерінің экологиялық білім мен тәрбиеге байланысты дайындықтары және басқа материалдардың болмағанын ескертеміз. Негізі міндет, балалар мен жасөспірімдердің жаратылыстану пәндері бойынша алған теориялық білімдерін, практикада қаншалықты қолдана алатыны маңызды болды.

Эксперименттік жұмыстарды жүргізудің екінші кезеңінде біздер тек, алдын ала дайындалған материалдарды (экология тақырыбы бойынша фото-видео материалдар, слайд-инфографикалық дидактикалық құралдар, деректі видеоматериалдар) қамтып қана қоймай, экология ғылымымен айналысатын ғалымдар мен «жасыл» технология индустриясының дамуына үлес қосқан мамандарды тарта отырып, кең көлемде дәріс сабақтары мен тренингтер өткіздік. Осылайша, атқарылған жұмыстар бойынша қол жеткізілген материалдар мынадай кесте бойынша анықталды [Диаграмма-2].



Диаграмма-2. Екінші кезең бойынша алынған сауалнама нәтижелері

Қарап отырғанымыздай, эксперимент жұмысының екінші жартысында жоғарыда аталған арнайы жоспарлы, алдын ала мақсатты түрде атқарылған жұмыстар нәтижесі жоғары деңгей көрсеткіштерінің 20% пайызға артып, ал төменгі деңгей белгілерінің 10% пайызға азайғанын көрсетті.

Демек, алдағы уақытта оқушылардың білім деңгейлерін жалпылама формада, яғни қалыпты жағдайда тексеру барысында, олардың санасында пәнді игеруі мен оқу арқасында шамалы мөлшерде теориялық білімдердің күнделікті өмірде пайдалану мүмкіндіктері болатынын тәжірибе көрсетті. Осылайша, жаратылыстану және басқа пәндер бойынша жинақтаған білімдерін оқушылар біріншіден, сабақта өткен маңызды тақырыптарды пысықтауда экологиялық тәрбие жұмыстары арқылы жоспарлап, талдап, өз еріктерімен құрылған қоғамдық бірлестіктері арқылы кешенді (жан-жақты) түрде ұйымдастыруды қолға алған жағдайда жоғары деңгей көрсеткіштерінің артып, керісінше төмен деңгейлік дәрежелерінің азая түсетін тенденциясы болатынына көз жеткіздік.

Қорытынды. Соңғы жылдары Жер бетіндегі алуан түрлі экологиялық, экономикалық, әлеуметтік күрделі жағдаяттардың белең алуының білім жүйесіне ықпал етуін сараптай келе заманауи мектеп практикасында экологиялық тәрбие жұмыстарының кешенді ұйымдастырылуының мүмкіндіктеріне қоғамның терең назар аударғаны абзал. Осы орайда, UNESCO мүшелері мен Қазақстан мемлекеті тарапынан қолға алынып жатқан игі шараларға ат салысудың балалар мен ересектер үшін педагогикалық маңызы зор.

Экологиялық білім мен тәрбие мәселелеріне қатысты ғылыми-зерттеу еңбектері мен аталмыш тақырып аясындағы мол тәжірибелер негізінде мектептегі балалар мен жасөспірімдер қоғамдық бірлестіктері арқылы отырып тәрбие жұмыстарын үйлестіру мен тиімді жоспарлаудың мүмкіндіктері зор екені анықталды.

Халықтық педагогика мұралары арқылы жас ұрпаққа экологиялық тәрбие берудегі ауыз әдебиеті мен мәдени мұралар, мақал-мәтелдер мен ырым-тыйым сөздер топтамаларын балалар топтарындағы тәрбие жұмыстарында пайдаланудың педагогикалық тиімділігі айқындалды.

Жаңа Қазақстан жағдайында білім мекемелері жанында педагогикалық әрекет етіп жатқан Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық бірлестіктері арқылы экологиялық тәрбие жұмыстарын заман талаптарына сай ұйымдастыруда Alpha Generation және басқа жас ұрпақ өкілдерінің жас ерекшеліктерін ескеру ерекше назарға ілінуі шарт.

Тәрбие жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастыру барысында мектеп оқушыларының қоршаған ортаны қорғау мен сақтау шараларына белсенді қатысуға қызығушылықтарын арттыруға арналған кешенді жұмыстардың, атап айтқанда экологиялық таза өнімдердің пайдасы, Micro Green, гидропоника, биогумус және вермитехнология шаруашылығының дамуына үлес қосу, гүлзарлар, жылыжайлар өсіруде мектеп жанынан оқу-тәжірибелік аландар ашудың қажеттілігі мен маңыздылығына бағытталған пайдалы ақпараттарды ұдайы зерттеу жұмысы барысында ізгілендіру абзал болмақ.

Зерттеу барысында қол жеткізілген эксперименталдық жұмыстар нәтижесінде біріншіден, мектеп пен жоғары білім беру орындары арасындағы педагогикалық коллаборация қатынастарын жандандыру ісіне ғылыми мән беру жолға қойылса, екіншіден оқушылардың алған білімдерін күнделікті тұрмыста және табиғатты қорғау аясындағы еңбек әрекеттерінде қажетті деңгейде, яғни практикалық тұрғыда қолдану мүмкіндіктеріне барынша назар аударылу екені баяндалады.

Осылайша, мектеп тарихында үлкен орны бар балалардың қоғамдық бірлестіктері арқылы экологиялық тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда біздер бірқатар ерекшеліктерді қамти отыра, міндет-мақсатымыздың ойдағыдай іске асуына тиісті жағдайдың қалыптасуына себепкер боламыз. Оларға:

- мектептегі тәрбие жұмыстарын мақсатты және жүйелі жоспарлау барысында, эксперимент нәтижелеріне сүйене отырып мейлінше оңтайлы (оптималды) тәсілдерді таңдау;

- оқушылар, ата-аналар, педагогикалық қауым, ғалымдар мен мамандық иелері ынтымақтастығы негізінде жас өскіндердің теориялық білімді практикалық жағдайда қолдана білуіне жағдай туғызу;

- «жасыл технология» және әлемдегі экологиялық озық жобаларды терең зерделей отыра, жергілікті жердің экономикалық, географиялық, климаттық ерекшеліктерін ескеретін оқушылардың авторлық жобалардың қоғам игілігіне айналуына себепкер болу;

- оқушыларға экологиялық тәрбие беруде қазақ халық педагогикасындағы мыңғасырлық құндылықтарға негізделген рухани-мәдени мұралар, ежелгі жер-су атаулары, адам мен табиғат арасындағы үйлесім, сондай-ақ халық ауыз әдебиеті мен фольклорлық мұралар бастауларын оқу-тәрбие жұмыстарымен байланыстыра білуге баулу, үйрету, дағдыландыру;

- білім мекемелері жанынан табиғатқа зиянын тигізбейтін экологиялық өнімдердің қалай дайындалатынын оқып-тану, меңгеру және қол жеткізілген тәжірибелер негізінде арнайы оқу-тәжірибелік алаңдардың ашылу қажеттіліктердің балалар мен жасөспірімдердің ой әрекеті мен қол еңбегі арқылы саналы түрде қабылдауына мүмкіндік беру;

- білім жүйесіндегі соңғы инновациялық технологиялар мен цифрлық трансформация жағдайында экологиялық тақырыптар бойынша оқушылардың Жасанды Интеллект (Artificial Intelligence), Open AI, ChatGPT, Gemini, LLama, ISSAI-KazLLM платформалары көмегімен генерациялық туындыларды дайындауға белсенді қатысуын қамтамасыз ету болып табылады.

Алғыс білдіру. Ұсынылып отырған ғылыми мақала Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректор атынан ұйымдастырылған гранттық жобалар (Бұйрық №05-04/329, 14.05.2024) шартына сай жарияланғанына университет басшылығына және Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Педагогикалық ғылымдар» сериясы журналы редакциялық Алқасына ризашылығымызды білдіреміз. Зерттеу жұмысын ұйымдастыруда, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология факультеті, Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасы 6B01801 «Әлеуметтік педагогика» мамандығы бойынша 3 курс студенті Ермаханова Мариям Кенжебековна ғылыми жоба аясында үлкен үлес қосқанын атап өтеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Youth Declaration on Transforming Education. <https://www.unesco.org/sdg4education2030/en/knowledge-hub/youth-declaration-transforming-education>

2. Take Action for the Sustainable Development Goals. <https://www.un.org/sustainabledevelopment/sustainable-development-goals/>

3. Курсабаев М.К., Сайдахметов Б.С., Сержанұлы. Мектептегі еңбек тәрбиесі үрдісінде оқушылардың экологиялық санасын дамытудың педагогикалық проблемалары//Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2024. – Т. 84. - № 4. – С. 349-357. <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.84.4.031>

4. Dinara_Taibassarovna. https://www.instagram.com/p/CP5jEe3pCeT/?img_index=1

5. Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400>

6. Сарыбеков М.Н. Теория и практика экологической подготовки будущих учителей. Автореферат на соискание ученой степени д.п.н. – А.: - 1998

7. Джанзакова Ш.И. Этнопедагогизация экологического воспитания младших школьников в казахской школе. Автореферат на соискание ученой степени к.п.н. – Москва. – 1998. – С. 30

8. Скауты Великой Стени. <https://scoutskz.aquas.me/>, <https://www.facebook.com/scoutskz>

9. Торнквист Н. Благотворительный Фонд Натальи Торнквист «Возрождение Природы». <https://save-nature.ru/articles/ekologicheskoe-vospitanie-detey-kak-privit-ekologicheskije-privychki-i-sformirovat-ekologicheskoe-soznanie>

10. Андреева А.Г. Экологическое воспитание детей разновозрастной группы в детском саду // Вестник науки. – 2023. – №11 (68). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ekologicheskoe-vospitanie-detey-raznovozrastnoy-gruppy-v-detskom-sadu>

11. Ландык В.М., Ломова В.В., Кольцова Л.А. Экологическое воспитание школьников // Образование и право. – 2022. – №8. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ekologicheskoe-vospitanie-shkolnikov>

12. Радецкая И.В., Жеребятникова Г.В., Баславяк М.В. К вопросу о воспитании патриотических чувств обучающихся в детских объединениях и организациях: на примере школьного лесничества //Записки Забайкальского отделения Русского географического общества. – 2021. – С. 84-101.

13. Завалко Н.А., Радченко Н.Н., Саханиева С.Г., Есполова Г.К. Развитие взаимосвязей социальных ролей и воспитательных задач по их освоению // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки. 83, 3 (сен. 2024), 335–347. DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.83.3.031>

14. Waters S., Cross D., Shaw T. Does the nature of schools matter? An exploration of selected school ecology factors on adolescent perceptions of school connectedness // British Journal of Educational Psychology. – 2010. – Т. 80. – №. 3. – С. 381-402.

<https://bpspsychub.onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1348/000709909X484479?casa>

15. Қожаева С.Қ. Экологиялық тәрбие негізінде оқушылардың ізгілік қасиеттерін қалыптастыру. Кандидаттық диссертация авторефераты. – Астана. – 2003. – Б. 31

References:

1. Youth Declaration on Transforming Education. <https://www.unesco.org/sdg4education2030/en/knowledge-hub/youth-declaration-transforming-education>

2. Take Action for the Sustainable Development Goals. <https://www.un.org/sustainabledevelopment/sustainable-development-goals/>

3. Kursabayev M.K., Saidakhmetov B.S., Serzhanuly B. Mekteptegi enbek tarbiesi urdisinde oqushylardyn ekologialyq sanasyn damyutudyn pedagogikalıuq problemalary // Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University, Series of Pedagogical Sciences. – 2024. – Т. 84. - № 4. – P. 349-357. <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.84.4.031>

4. Dinara Taibassarovna. https://www.instagram.com/p/CP5jEe3pCeT/?img_index=1

5. Qazaqstan Respublikasynyn Ekologialyq Kodeksi. Qazaqstan Respublikasynyn 2021 zhylgy 2 qantardagy № 400-VI QRZ Kodeksi. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400>

6. Sarybekov M.N. Teoria I praktika ekologicheskoi podgotovki buduchih uchitelei. Avtoreferat na soiskanie echenoi stepeni d.p.n. – А.: - 1998

7. Dzhanzakova Sh.I. Etnopedagogizatsia ekologicheskogo vospitaniya mladchih shkolnikov v kazakhskoi shkole. Avtoreferat na soiskanie k.p.n. – Moskva. – 1998. – P. 30

8. Skauty Velikoi Stepi. <https://scoutskz.aqulas.me/>, <https://www.facebook.com/scoutskz>

9. Tornkvist N. Blagotvoritelnyi fond Natalii Tornkvist “Vozrozhdenie Prirody”. <https://save-nature.ru/articles/ekologicheskoe-vospitanie-detey-kak-privit-ekologicheskije-privychki-i-sformirovat-ekologicheskoe-soznanie>

10. Andreeva A.G. Ekologicheskoe vospitanie detei raznovozrastnoi gruppy v detskom sadu // Vestnik nauki. – 2023. – №11 (68). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ekologicheskoe-vospitanie-detey-raznovozrastnoy-gruppy-v-detskom-sadu>

11. Landyk V.M., Lomova V.V., Koltsova L.A. Ekologicheskoe vospitanie shkolnikov // Obrazovanie I pravo. – 2022. – №8. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ekologicheskoe-vospitanie-shkolnikov>

12. Razdetkaya I.V., Zherebnyukova G.V., Baslaviyak M.V. K voprosu o vospitanii patrioticheskikh chuvstv obochaychihsiya v detskih obedineniyah I organizachiyah: na primere shkolnogo lesnichestva // Zapiski zabaikalskogo otdeleniya Russkogo geograficheskogo obchestva. – 2021. – С. 84-101.

13. Zavalco N.A., Radchenko N.N., Sahapieva S.G., Espolova G.K. Razvitie vzaimosvyazei sochtialnyh rolei I vospitatelnyh zadach po ih osvoeniy // Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University, Series of Pedagogical Sciences. – 2024. – Т. 83. – № 3. – P. 335–347. DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.83.3.031>

14. Waters S., Cross D., Shaw T. Does the nature of schools matter? An exploration of selected school ecology factors on adolescent perceptions of school connectedness // British Journal of Educational Psychology. – 2010. – Т. 80. – №. 3. – С. 381-402.

<https://bpspsychub.onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1348/000709909X484479?casa>

15. Qozhaiva S.K. Ekologialyq tarbie negizinde oqushylardyn izgilik qasieterin qalyptastyru. Kandidtyq dissertatsia avtoreferaty. – Астана. – 2003. – P. 31